

ТІЛ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ: ФОНОСТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ДЫБЫСТЫҚ СИМВОЛИЗМ

*Қоянбекова С.Б.,¹ Зиядаұлы Б.²

¹Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, филология ғылымының докторы,
қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан,

²Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,
филология ғылымының кандидаты, доцент,

Алматы, Қазақстан,

*¹e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com,

²e-mail: batenke89@mail.ru

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты мен міндеті адам эмоциясын жеткізудегі тілдің экспрессивтік қызметінің негізін құрайтын фонетикалық бірліктердің күрделі жүйелелерін анықтау, дыбыстық таңбаның ментальді, психикалық, физиологиялық, лингвистикалық әлеуметтік, эстетикалық қырларын анықтау болып табылады. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негізін құрайтын, ұлттық тілдің фонологиялық және сөздік қор жүйесінің экспрессивтік стилистикалық жүйесі, сипаты, табиғаты бірқатар тілдік фактілермен қарастырылды. Тілдік бірліктер таңба, дыбыс, фонема, адамның санасында трансформациялану моносиллабтық дыбыстық құрылымы, дыбыстардың фонологиясы, дыбыс сәйкестегі, дыбыстардың алмасуы және т.б. фонетикалық құбылыстар мен заңдылықтар жүйелі талданды. Тіл дыбыстарының ұлттық танымдық қырлары зерделеніп, озық парадигмаларды анықтау арқылы экспрессивтік стилистикалық сөз мәдениетіне әсері зерттелді.

Мақаланың ғылыми маңыздылығында ұлт болмысындағы мазмұны кең, терең ұғым тіл дыбыстарының экспрессивтік стилистикалық қызметі лингвистикалық, лингвостилистикалық ғылымның зерттеу аясындағы ауқымдылығын танытып, зерттеудің өзектілігін анықтады. Қазақ тіліндегі фоностилистика және дыбыстық символизм экспрессивтік стилистикалық жүйе ретінде алғаш рет кешенді түрде зерттеліп, ғылыми тұрғыдан шешімін тауып, қазіргі қазақ тілінің деректері бойынша тұжырымдар жасалынды. Олардың қазақ тіліндегі сипаты, дыбыстың экспрессивтік стилистикалық қызметі жүйеленді. Ономофонеманың тілдік жүйедегі номинативтік қызметіне және оның сөйлеуде синтагмофонемаға, морфонемаға трансформациялану ерекшелігіне талдау жасалды.

Ғылыми практикалық маңыздылығында тілдің эстетикалық табиғаты экспрессивтік қызметімен тығыз байланыстағы ғалымдардың зерттелген теориялық еңбектеріндегі пайымдаулары дамытылып, қазақ тіліндегі дыбыстардың ұлттық мәдени қырларымен сабақтастықта ұштастырылып, өзіндік тұжырымдар берілді. Қазақ тілінің дыбыстық парадигмасының қалыптасуы мен дамуы жан-жақты талданып, ұлттың рухани-мәдени болмысының тіл дыбыстары арқылы таныту өзектілігі практикалық тұрғыдан анықталды. Фоностилистикадағы дыбыстың экспрессивтік стилистикалық мағынасы дыбыстардың ассоциациялануына негізделуі, дыбыстық символға айналуы айқындалды.

Фонетикалық құралдардың әлеуметтік-лингвистикалық, психоллингвистикалық және прагмалингвистикалық аспектілерінде сөздің әртүрлі формаларды қолдану заңдылықтары, жұмсалы мүмкіндіктерімен сабақтастырылды. Тіліміздегі

экспрессивтіліктің айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылымдағы салыстырмалы қырлары экспрессивтік стилистикалық мағынаның пайда болу, қалыптасу, жүйеленуін айқындайды.

Тірек сөздер: экспрессивтік стилистика, фonosимволизм, фоностилистика, эвритмика, коммуникативтік, кумулятивтік, контекст, дыбыс.

Негізгі ережелер

Фонетика тілдегі дыбыстардың жүйеленуін, жасалым, айтылым, естілім белгілерін, просодикасын зерттесе, стилистика дауысты, дауыссыз дыбыстардың сөз ішіндегі, сөз аралығындағы үйлесімділігін, сөз ырғағын, оларға тән белгілерді, интонация, дыбыстық қайталау, сияқты фонетикалық ерекшеліктерді белгілі мақсатқа икемдеп, қайткенде де сөз бедерлердің құралы ретінде пайдалану жағдайын зертейді. Стилистика тіл дыбыстарының бедерлі қолдану заңдылықтарын, яғни оны эстетикалық, коммуникативтік қырынан зерделейді. Қазақ тілі төл дыбыстарының зерттелуі ХХ ғасырдың басындағы А.Байтұрсынұлы, Х.Досмағамбетов, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаров, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, Б.Қалиев, С.Мырзабеков, М.Жүсіпов, Ә.Жүнісбеков т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нысаны болды.

Зерттеу еңбектерге сүйенсек, қазақ тілі стилистикасында басқа ғылымдарға қарағанда, фонетика саласы аз зерттелген сала болып табылады. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтардың бірлескен оқулығында фонетиканың эстетикалық қырлары арнайы қарастырылмаған. Аталған мәселе қазақ тіл білімі саласында қазіргі кезеңде кеңінен зерттеу нысанына айналды.

Дегенмен, фоностилистиканың жалпы тіл біліміндегі тарихы әріден басталады. Ғылыми зерттеулерге жүгінетін болсақ, "фоностилистика" (экспрессивті фонетика) ұғымы термин ретінде ең алғаш Ш.Балли еңбегінде қолданылғанмен [1,116 б.], фоностилистиканың алғашқы теориясы бастау көздері ежелгі философтар мен шешендік өнердің стиль теориясы туралы зерттеулерінде қарастырылған.

Кіріспе

Грецияда V ғасырда риторика ілімі дамып, шешендік сөздің тыңдаушыға әсері, ықпал етудің әдіс-тәсілдері туралы мәселелер жөніндегі көзқарастар дүниеге келді. Осы кезеңнен кейін дыбыстарды зерттеу қолға алынып, дыбыстық қайталаулар мен буындар үйлесімділігі, сөз ырғағы туралы мәселелер т.б. сөздің фонетикалық аспектісі ретінде зерттеу нысанына ілікті [2, 248 б.]. Фоностилистика көп уақытқа дейін шешендік өнердің аясында, шешен сөйлеудің конондарының бірі ретінде Аристотель (б.з.д. IV ғ.), Теофраст (б.з.д. IVғ.) т.б. зерттеулерінде қарастырылып, жекелеген дыбыстардың ерекшеліктері буын тіркесіндегі, сөз аралығындағы өзгерістерінің жағымды, жағымсыз қасиеттері және оларды сөйлеуде ұйымдастыру өнері тұрғысынан талданып келді. Бергі дәуірдегі М.В.Ломоносовтың зерттеулерінде де фоностилистиканың

кейбір ішкі мәселелері туралы айтылғанмен, фонетиканың ғылыми мәртебе алуы Ш.Баллидің зерттеулерімен байланысты. Зерттеуші фонетикалық құралдардың стильдік қызметі, сөйлеудегі интонацияның эмоцияны жеткізудегі қызметіне назар аударды [2, 116 б.]. Ш.Балли сөйлеудегі интонацияның әсерін, қатысын, сол арқылы жасалатын тілдің эмоционалды қызметі, тіл арқылы көрінетін сөйлеушінің эмоционалды-экспрессивтік көңіл- күйі туралы құнды пікірлер айтты [2, 117б.]. Осылайша, ол тілдің қоғамдық құбылыс болуымен қатар, оның субъективтік қырларына да баса назар аударды.

Фоностилистика мәселелері Н.С.Трубецкой зерттеуінің де негізгі тақырыптарының бірі болып табылады. Н.С.Трубецкой сөйлеушінің жасы, жынысы, әлеуметтік және қоршаған ортасы, эмоционалды жағдайы, интонациясы т.б. экстралингвистикалық факторлардың әсерінен пайда болған дыбыстық модификацияларды қарастыра отырып, оларды экспрессивті және апеллятивті құралдар қатарына жатқызады. Осының алғашқысы сөйлеушіге қатысты болса, соңғысы тыңдаушының эмоциясын тудырады деген пікір айтады. Н.С.Трубецкой зерттеулерінде дыбысқа қатысты қарастырылып, қандай да бір дыбыстың айтылуы сөйлеуші жөнінен хабар беріп, тыңдаушыда белгілі бір сезімдер тудыратынын, сөйтіп дыбыс қандай да бір мағынаны ажырататын қызметке ие болатынын сөз етеді. Дыбысқа берілген бұл сипаттама фонетиканың стилистикалық қырларын нақты бейнелеп тұрғанын көруге болады және ол тіл дыбыстарын зерттеуде өте маңызды болып табылады [3, 191 б.].

Н.С.Трубецкойдың бұл тұжырымдарына ХХ ғасырдың 20 жылдарынан бері дами бастаған фонема теориясына қатысты көзқарастар негіз болып, фонеманың функционалдык-стилистикалық сипаты мен сапаларын зерттеуге бастама болды. Осылайша тіл дыбыстарының лингвистикалық аспектідегі фонетикалық қыры емес, оның фонологиялық аспектідегі функционалдык қырын зерттеудің маңыздылығы айқындалды. Фоностилистикаға қатысты зерттеулердің дамуына осы тұжырымдар негіз болды.

Зерттеуші Ж.А. Исаева фоностилистиканың тарихи бастауын анықтауға байланысты пікірлердің әр алуан екенін айта келіп, бұл мәселенің күрделі тұстарын көрсетеді. Зерттеушінің фоностилистиканың қалыптасу тарихына қатысты келтірген пікірлерін былайша топтастырып көрсетуге болады:

- И.Фонадьтың көрсетуі бойынша, фоностилистиканың бастауы Ю. Фон Лазициустің есімімен байланысты;
- Ф.Картонның пікірінше, М.Граммонның есімімен байланысты;
- П.Леонның пікірінше, Н.С.Трубецкойдың есімімен байланысты;
- К.Ван Ден Бергтің ойынша, Платонның есімімен байланысты [4, 81б.].

Жалпы тіл біліміндегі дыбыстың стилистикалық қызметінің арнайы зерттеле бастауын біз Н.С.Трубецкой мен Ш.Балли есімдерімен байланысты қарастырамыз.

Фонетикалық құралдардың қарым-қатынастың әлеуметтік-лингвистикалық, психолингвистикалық және прагмалингвистикалық аспектілерінде сөздің түрлі типі мен формаларында қолданылу заңдылықтарына сәйкес жұмсалу мүмкіндіктерін анықтауда кең көлемді зерттеулер бар.

Л.В.Щерба, Г.О.Винокур, В.В.Виноградов, Л.П.Якубинский, М.В.Панов, К.К.Барышникова, Л.П.Блохина, Р.К.Потапова, Л.А.Кантер, Д.Х.Баранник, роман-герман тілдерінің фоностилистикасын қарастырған Н.И.Портнова, С.М.Гайдучик, А.С.Селях, Е.Нұрахметов т.б. зерттеушілердің есімімен байланысты.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Фоностилистикалық зерттеу экстралингвистикалық факторлардың әсерінен, эвфонология және дыбыстық символизм, эвритмика және шығарманың мелодикалық (әуендік) құрылысымен байланысты туындайтын әдеби тіл қолданысымен одан ауытқу, сөйлеу нормалары мен дыбыстық синонимия көріністерін, сегментті және суперсегментті деңгейлердегі тілдік бірліктердің дыбыстық және темпоралды - мелодикалық, екпін және интонациялық модификацияларының қолданысын түрлі шеңбердегі экстралингвистикалық факторлар әсерін, көркем шығармадағы жазушы тілінің дыбыстық ерекшеліктерін т.б. зерттеулерді кеңінен қарастыруды көздейді.

Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы мазмұн мен түрдің үйлесімділігіне құрылатын өлеңге сөзді қалай құбылатын, құлпыртса да, оны нендей тәсілдермен көркемдесе де кең көсілетіндей мүмкіндіктер бар екеніне тоқталады. Сонымен қатар, ырғақ иелігіндегі өнер ұйқас арқылы белгілі әуенге құрылған өрнегі. Бейнелі ойды бернелей жеткізетін көрнекі лебіз дыбыс үйлесімділігінің, әуезділігінің көрінісі. Үндестік жасаушы ырғақ өлеңге тармақ, бунақ, шумақ болып төгіледі. Буындардың үйлесімділігінен тұратын қазақы өлеңге дыбыстардың қолданылу реті әсерлі бейнелілігімен үлкен мәнге ие дейді. Мысалы, *Сағынам сені сәт сайын, бұлтқа барып батса айым*. Демек, А.Байтұрсынұлы экспрессивтілік ұғымын атамаса да оны бейнелілікпен астасып жататын, бейнелілікті жасауға қатысатын тілдік құбылыс ретінде анықтайды.

Қазақ зерттеулерінде тілдің дыбыстық бірліктерінің стилистикалық ресурстарын қарау мынадай үш мәселе аясында анықталатыны айтылады. Мысалы: сөйлеу стильдері; фоносимволизм; фонетикалық құрылымның поэтикалық жүйесі.

Стилистика саласында тіл дыбыстарының қарапайымнан күрделіге ауысу жүйесінде бірқалыпты зерттелгенін байқаймыз. Бұл фонеманың артикуляциялық, акустикалық ерекшеліктеріне қатысты қарастырылатын мазмұндық проблема.

Фонетикалық бірліктерге эстетикалық тұрғыдан трансформациялануға бейім, өзгермелі тілдің жай-күйін бейнелейтін парадигмалық қасиет тән. Онда тілдің менталды, психологиялық, әлеуметтік, коммуникативтік, кумулятивтік, поэтикалық сипаты көрініс алады.

Психолінгвистер физиология мен нейропсихологияның жетістіктеріне сүйене отырып, тіл деңгейлерін фондық және жетекші деп екі деңгейге бөледі [5, 29 б.]. Фондық деңгей бірліктері сөйлеуші тарапынан автоматты түрде, санадан тыс жасалса, жетекші деңгейдегі бірліктер саналы түрде сөйлеуші тарапынан сараланып жұмсалады екен. Мысалы, *көп кешікпей көктем де келер енді, көгеретін тіршілік көгереді. Келер көктем, білмеймін, не береді?*

Л.Н. Мурзин фонетикалық және морфемдік деңгейлерді фондық, ал лексикалық және синтаксистік деңгейді жетекші деңгейге жатқызады [6, 94 б.]. Фонетикалық бірліктер жалпы тіл жүйесінде ерекше рөл атқарады, ол мынадай себептерге байланысты:

1. Фонетикалық бірліктер материалдық форма тұрпаты жағынан қарапайым, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін және функционалдық мән-мағынаға ие тілдік таңба болып есептеледі.

2. Фонетикалық бірліктердің табиғатына басқа да тіл бірліктері сияқты тұтастық тән, қарапайым фонетикалық форма тым күрделі, бірден байқала қоймайтын мағынаға ие болып келеді.

3. Фонетикалық бірліктердің мағынасы тілдің қандай да бір саласындағы қызметіне, яғни түрлі контекстегі тілдің жай-күйіне байланысты анықталады.

4. Мұндай контекстерге мыналар жатады:

- менталды (тілдік менталды процестер, тілдік ойлау процесі);
- психологиялық (фонетикалық таңбаның түрлі тіл иелері тарапынан қабылдануы және бағалануы);
- әлеуметтік (сөйлеудегі дыбыстардың даралануы);
- коммуникативтік-сөйлеу (ақпараттың берілуі, өңделуі, мәліметтердің деформациялануы);
- кумулятивтік (ұлттық-мәдени сипаттағы ақпараттар қорының жинақталуы);
- мәтіндік-эстетикалық (эстетикалық мән-мағыналардың берілуі және жүзеге асуы).

5. Фонетикалық деңгей тіл жүйелерінің ішінде саны жағынан тұрақсыздау, ол дыбыстардың дифференциалды белгілерінің аз болып, дыбыстардың тілдік менталды және жеке, психологиялық (әлеуметтік), эстетикалық және мәдени мағыналарының сапасы жағынан өзгеруіне әсер етеді.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Тіл дыбыстарына тән бұл ерекшеліктер тілдің және сөздің таңбасы ретіндегі мағынасын зерттеуге мүмкіндік береді. Ол үшін тіл

дыбыстарының өзіне тән ерекшеліктерін, мәртебесін анықтау қажет болады. Ю.С.Степанов қандай да бір субстанциядағы белгілерді, деректерді анықтау үшін, оның «конститутивтік қырларын» басшылыққа алу керек дейді. Ғалымдар Аристотель ұсынған тілдің мынадай лингвофилософиялық, конститутивтік қырларын негізге алады: субстанция, сан, сапа, қатынас, орын, уақыт, қалып, жағдай, әрекет, төзімділік [7, 193 б.]. Егер аталған ерекшеліктер толығымен немесе басым көпшілігі қандай да бір құбылысқа тән болса, онда бұл құбылыстың ғылыми мәні бар болғаны және ол арнайы зерттеуді қажет етеді.

Бірнеше жүйенің негізін құрастыратын фонетикалық бірліктердің қызметі күрделі таңба болып табылады. Дыбыс және фонема ментальді, психологиялық, физиологиялық, лингвистикалық, социологиялық, тексттік, эстетикалық маңызды иеленетін құбылыс.

Орыс тіл білімінде дыбыстардың экспрессивтік мәселесі фоносемантикамен кіріктіріле қарастырылып, адамның ойлау жүйесінде «жалпыланған дыбыс түрін» - ономофонеманың тілдік жүйедегі атаулық сипатына және оның сөйлеуде синтагмофонемаға, морфонемаға трансформациялануына талдау беріледі. Ғалымның пайымдауларынан коммуникативтік қарым-қатынас барысында синтагмофонема мен морфонемалардың социофонемалық бірлікке айналуы тіл дыбыстарының эмоционалды- экспрессивтік қызметінің алғышарты болатынын көруге болады. «Социофонема - сөйлеудің қандай да бір формасы арқылы жүзеге асқан фонетикалық бірлік. Сөйлеушінің сөзі арқылы көрініс алып, тыңдаушы тарапынан ментальді/интеллектуалды және логикалық тұрғыдан ғана емес, психологиялық, эмоционалды, эстетикалық және әлеуметтік тұрғыдан қабылданатын фонетикалық бірлік» [8, 215 б.]. Социофонеманың мәртебесін анықтайтын белгілер төмендегідей: дыбыстардың психологиялық әсері; психологиялық тұрғыдан бағалануы; эмоционалды және эстетикалық әсері; тілдің дыбысқа ұлттық-мәдени байланысы; эмпирикалық және антропологиялық субъективтілік; тұрмыстық, әдет-ғұрып, ділдік социумның дыбысқа әсері [7, 217 б.]. Социофонема біріншіден эстетикалық, символдық қасиетімен қабылданатын бірлік. Социофонеманың фоносемантикалық табиғаты А.А. Леонтев [5, 96 б.], А.П. Журавлев [9, 195 б.] зерттеулерінде қарастырылған. Заманауи зерттеулерде функционалды фоносемантика, тарихи фоносемантика, компоративтік фоносемантика, социофоносемантика, психофоносемантика, текстофоносемантика, эстетикалық фоносемантика бөлімдерінен тұратын ғылым саласының нысанына айналды.

Экспрессивтік стилистика тіл дыбыстарының экспрессивтік табиғатын талдауда, анықтауда фоносемантикалық зерттеулердің жетістіктеріне сүйенеді, себебі социофонеманың табиғаты кешенді, күрделі жүйе, экспрессивтілік оның бір компоненті ретінде қарастырылады. Оны зерттеу де нейролингвистика мен нейрофизиологияның, нейропсихология мен психоллингвистиканың,

социолингвистиканың, көркем мәтін лингвистикасының қазіргі теориялық және практикалық қолжеткізген табыстарына сүйене отырып, кешенді түрде жүргізіледі.

Тіл дыбыстарының экспрессивтік табиғатын зерттеуде социофонеманың бір түрі ретінде психофонема мен текстофонеманың тілдік табиғаты қызығушылық тудырады. Психофонема буын және морфологиялық құрылымды құруға қатысып, белгілі бір логикалық ақпаратты ғана емес, коннотативтік, бағалауыштық, психологиялық, ассоциативтік мәнге ие мағыналарды да жеткізуге қатысады. Ал текстофонема дыбыстың мәтін контекстіндегі қызметі мен мағынасын жасауға қатысады. Көркем мәтіннің музыкалды-просодикалық көркемдігі текстофонеманың бір түрі мелофонемалар арқылы жасалады. Қазақ тіл білімінде тіл дыбыстарының мұндай табиғаты көптеген ғалымдардың зерттеулерінде әр қырынан қарастырылып жүр.

Қазақ тіліндегі дыбыстардың фонологиясы дыбыс үндесуі, дыбыстардың алмасуы және т.б. фонетикалық құбылыстар мен заңдылықтар белгілі ғалымдар Ә.Т.Қайдаров, Е.Қажыбеков, Ә.Жүнісбеков, А.Айғабылұлының еңбектерінде жан-жақты талданып, анықталды [10, 18 б.]. Аталған мәселелермен қатар, дыбыс айтылымындағы эмоционалдық пен мәнерлік, ассоциация мәселесі кейбір еңбектерде [11,20 б.] айтылғанымен, арнайы зерттеу нысанына кейіннен айналды.

Ж.Абуов, А.Джунисбековтердің «Фонетическая запись казахского текста» зерттеу еңбегінде қазақ тіліндегі сингорманизм, орфоэпикалық норма мәселелері жүйелі талданып, сөз мәдениеті тұрғысынан алғанда кез-келген фонетикалық заңдылықтарды, тілдегі норманы сақтау қажеттілігі атап көрсетілген.

Орыс тіліндегі М.П.Брандес [12,27 б.] еңбегінде көркем прозалық және поэтикалық мәтіндердің дыбыстық ұйымдасу ерекшелігі жан-жақты сөз болды. Тіл дыбыстарының түрлі бояу реңкке, эмоционалдық бағалауыштық мәнге ие болуы оларға тән басты қасиет-сапалардың бірі екені жан-жақты дәлелденген (мысалы, «а» дыбысының күрең қызыл, «о» - ашық сары немес ақ түсті бояу реңкке ие екені, «ш» - баяу, «м» - нәзік, т.б. бағалауыштық сезім күйлерді бейнелейтіндігі). Осыған қатысты түрлі бақсылық дұғалардың, қазірде алдап-арбау, аластауда айтылатын сиқырлы күші бар мағынасы түсініксіз мәтіндердегі дыбыстар мен буындардың әсер ету қасиеті сапасы, қызметі жеткілікті деңгейде зерттелген деуге болады.

Дауысты дыбыстардың сөз құрамындағы орны, яғни, дауысты фонемалардың мысалы: *сөз басында* А-ана, Ә- әлем, Ө-өлең, Ұ-ұя, Ү-үй О-орман, Ы-ыдыс, І-іс, *сөз ортасында* А-қала, Ә-тәлім, О-қора, Ө-шөбере, Ұ-құлын, Ү-күй, Ы-ырым, І-келін *сөз соңында* А-қара, Ә-сірә, О-қол, Ө-бөл, Ұ-құс, Ү-күл, Ы-осы, І-іні т.б дыбыстардың орналасуы арқылы мәтін түзілім процесінде белгілі бір дыбыстар, буындар қайталанып келіп, ырғақ құрап, тұтас мәтін мазмұнын жасауға қатысады,

тіпті жиі қайталану арқылы белгілі бір ақпараттың сигналына айналып, символдық мәнге, қосымша қызметке ие болады. Бұл жерде дыбыс әдеттегі мағына ажыратушылық қызметінен тыс, қосымша ақпаратты жеткізуге катысады.

М.П. Брандес осыған байланысты көркем шығарма авторларының да дүниені қабылдау, көркем бейне жасау даралығын анықтауға болатындығын дәлелдейді. Оның ойынша, шығарма авторларының «иіс сезгіш», «байқағыш», «естігіш» т.б. болу қасиет сапаларының басым болуына қарай колтаңбасы айықталады.

Ж.А.Исаева, В.В. Левицкийдің ерекшеленетін 28 түрлі тілдегі дыбыстар мен ұғымдар арасындағы байланысты байқау үшін жасаған эксперимент нәтижелерін орынды келтіреді. В.В.Левицкий сөздіктегі «кіші» және «үлкен» мағынасын беретін сөздерді іріктеп алып, топтың дауыстылары мен дауыссыздары құрамының және фонемалардың дифференциалды белгілері құрамының ерекшеліктерін қарастырып, «кіші» ұғымын әдетте «тіл алды» мен «тіл арты» дауысты дыбыстары мен қатаң, аффрикат, сонор дыбыстары беретінін анықтады. Мысалы, «Үлкен» ұғымымен жуан дауыстылар мен ұяңдар, діріл дауыссыздары символданып, [i], [n]., [ts]. – «кіші», [a]., [0]., [r]., [d], «үлкен» ұғымын береді [8, 48 б.].

Қорытынды

Қазақ тіліндегі дыбыстардың түрлі-түстік ассоциациялану сипатын цветофоносемантикалық, психолингвистикалық, эксперименталдық қырларынан сараптауды, арнайы және жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Профессор К.Ш. Хұсайыновтың пікірінше, тілдегі осындай құбылысты дыбыстық символизммен бірлікте және индивидтің ойлау жүйесінде жүріп жататын психофизиологиялық процестер арқылы түсіндіруге болады [13, 96 б.].

Сөз мағынасымен метонимиялық ассоциациялануына негізделген символизацияның бір түрі – дыбыстық символизм. Ұқсас және қайталанатын дыбыстар, екпін түскен буынның алдында тұратын дауыссыздар, екпін түсетін дауыстылар дыбыстардың ассоциациялануына тікелей қатысады.

Дыбыстық ассоциацияланудың анықталуы күрделі жүзеге асатындықтан, келесідей жүйелеуге болады:

1. Ұғымдардың өзара синонимдік қатынаста болу қажеттілігі.
2. Ұғымдардың арасында тек пен түр байланысының болуы.
3. Метонимиялық ассоциацияның қосарлануы.
4. Графикалық метафора, яғни жазылу формасы мен бейнелейтін ұғым арасындағы форма сабақтастығы.
5. Түр-түстік символдың ұштасуы.

Көркем мәтінге негізінен дыбыстық символизм тән. Себебі көркем мәтін тілдің сапалы ұйымдасқан «ең жоғары формасы көркем мәтінде сөз мағынасының тереңдігі, ырғақ, дыбыстардың әуенділігі өте маңызды»

[9,123б.]. Кісі, ел, ру аттарындағы дыбыстық символизмнің ассоциациялануы арқылы оның тағдырын, мінезін анықтауға болатыны мәлім. Мысалы, *тентектік, ылғи Тобықтыдан шығады дерсің... Рас, тентек болса, Тобықтының тентегі иесіз демеймін*. Сондай-ақ, фонемалардың бірнеше рет қайталанып келу жиілігі екі түрлі болуы мүмкін. Мысалы, *Мен оны қазбаймын; даудың қарасын көбейтемін деп құлындағы сақау, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенің лайықсыз*. Орыс тіліндегі ғалымдардың еңбектерінде осы мәселені талдауда дыбыстың символдық қасиетіне назар аударылған.

Метонимиялық байланыстарды анықтау нысанындағы зерттеу әдістемесі сөйлеушінің санасындағы белгілі бір дыбысты зерделеуді мақсат етеді. Белгілі бір дыбыстың сөз ішінде, сөз тіркестерінде қайталануы мен метонимиялық байланысқа ие болуы арқылы дыбыстың символдық қызметін көрсетеді.

Қазақ тіл біліміндегі дыбыстық қайталауларды зерттеу мәселесі стилистикада аллитерация және ассонанс жасау ерекшелігін талдаудан байқалғанымен, олардың фоносемантикалық мағынасы және осымен байланыста қарастырылатын экспрессивтік мағына жасау қызметі арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі проблема. Белгілі ғалым Р.Сыздық қазақ тілі ғылымында мәтіннің фонетикалық құрылымының зерттелуі тереңнен қарастырылмаған, бұл жөнінде ішінара З.Ахметовтың «Казахское стихосложение» (1964) және «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971) деген монографиялық еңбектерде сөз болғанын айтады. Оның ішінара зерттелуі себебін ғалым: «текстің әуезділігі немесе дыбыстық эффект тек қатар келген сөздердің басқы дыбыстары, я болмаса өлең жолдарының бірінші сөзі біркелкі дауысты дыбыстан басталып, ассонанс, біркелкі дауыссыздан басталып, аллитерация құралуы арқылы ғана пайда болмайды. Өлең жолдарында не бір бір жолдың ішінде түбірлес сөздердің қатар келуі де өлең үнінің әсерін ерекше етеді» деп көрсетеді [14,57 б.]. Мысалы, *Жастықтың оты жалындап, Жас жүректе жанған шақ*. Сонымен қатар, өлең сөздің әуезділігін сөздің қасиет-сапасы ретінде зерттейді. Ғалым «Сөз құдіреті» еңбегінде қазақ жазушыларының көркем проза мәтіндерінен мысалдар келтіріп, прозалық мәтіндегі дыбыстық қайталаулардағы ұлттық дүниетанымға айрықша назар аударады. Жаңа бағыттағы зерттеулерде бұл мәселе дыбыстық символизм мәселесімен сабақтастырылып, мәдени-ұлттық контекстік мән-мағынаны негізге алудағы ассоциациялық байланыстарды тереңнен зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Балли Ш. Французская стилистика. – Москва: Наука, 1961. – 394 с.

[2] Античные риторика. Под.ред. Тахо-Годи А. А. –Москва: Просвещение, 1978. – 464 с.

[3] Трубецкой Н. С. Основы фонологии / Пер. с немец. – Москва:Наука, 1960. – 372 б.

[4] Исаева Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сегментті бірліктердің фоностилистикасы Фил.ғыл.канд...дис. – Алматы: ҚазНПУ, 2000. – 212 б.

- [5] Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. Москва: Прогресс, 1972. – 43 с.
- [6] Мурзин Н.Л. О апепеиях свободы языка // Русское слово в языке, тексте, культурной среде: Памяти Э.В. Кузнецовой. – Екатеринбург, 1997, № 26. – 109 с.
- [7] Степанов Ю.С. В трехмерном пространстве языка. Семиотические проблемы лингвистики, философии, искусства. – Москва: Наука, 1985. – 336 с.
- [8] Селях А.С. Фоностилистическая дифференциация разговорной речи (на матер.францз.яз.) Автореф... канд.филол.наук. – Минск, 1972. – 30 с.
- [9] Журавлев А.П. О мотивированности признаковой семантики слова натуральным значением входящих в него звуков // Мат. семинара по пробл. мотивир. языкового знака. – Ленинград: Наука, 1969. – 117 с.
- [10] Қайдаров Ә.Т. Структура односложных корней в казахском языке. – Алматы: Ғылым, 1986. – 388 с.
- [11] Реформатский А.А. Современный русский язык. Фонетика. Часть III. – Москва: Наука, 1963. – 275 б.
- [12] Брандес М.П. Стилистический анализ. – Москва: Наука, 1971. – 264 б.
- [13] Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алматы: Ғылым, 1958. – 40 с.
- [14] Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда, 2001. – 228 б.

REFERENCES

- [1] Balli SH. Frantsuzskaya stilistika (French Style). Moskva, Nauka, 1961. 394 p. [In Rus.]
- [2] Antichnyye ritoriki (ancient rhetoric). Pod.red. Takho-Godi A. A. Moskva, Prosveshcheniye, 1978. 464 p. [In Rus.]
- [3] Trubetskoy N. S. Osnovy fonologii (Fundamentals of phonology)/ / Per. s nemets. Moskva, Nauka, 1960. 372 p. [In Rus.]
- [4] Isayeva Z.H. Kazirgi kazak, tilindegi segmentti birlikterdin fonostilistikasy (Phonostylistics of segmental units in the modern Kazakh language). Fil.gyl.kand...dis. Almaty, KazNPU, 2000. 212 p. [In Kaz.]
- [5] Leont'yev A.N. Problemy razvitiya psikhiki (Problems of the development of the psyche). Moskva, Progress, 1972. 43 p. [In Rus.]
- [6] Murzin N.L. O apepeiyakh svobody yazyka // Russkoye slovo v yazyke, tekste, kul'turnoy srede: Pamyati E.V. Kuznetsovoy. Yekaterinburg, 1997, № 26. 109 p. [In Rus.]
- [7] Stepanov YU.S. V trekhmernom prostranstve yazyka. Semioticheskiye problemy lingvistiki, filosofii, iskustva (In the three-dimensional space of language. Semiotic problems of linguistics, philosophy, art). Moskva, Nauka, 1985. 336 p. [In Rus.]
- [8] Selyakh A.S. Fonostilisticheskaya differentsiatsiya razgovornoy rechi(Phonostylistic differentiation of colloquial speech) (na mater.frantsz.yaz.) Avtoref... kand.filol.nauk. Minsk, 1972. 30 p. [In Rus.]
- [9] Zhuravlev A.P. O motivirovannosti priznakovoy semantiki slova natural'nyim znacheniyem vkhodyashchikh v nego zvukov (On the motivation of the indicative semantics of a word by the natural meaning of the sounds included in it)// Mat. Seminara po pobl.motivir.yazykovogo znaka. Leningrad, Nauka, 1969. 117 p. [In Rus.]
- [10] Kaydarov Ә.Т. Struktura odnoslozhnykh korney v kazakhskom yazyke (The structure of monosyllabic roots in the Kazakh language). Almaty, Gylym, 1986. 388 p. [In Rus.]
- [11] Reformatskiy A.A. Sovremennyy russkiy yazyk. Fonetika(Modern Russian language. Phonetics). Chast' III. Moskva, Nauka, 1963. 275 p. [In Rus.]
- [12] Brandes M.P. Stilisticheskiy analiz (Stylistic analysis). Moskva, Nauka, 1971. 264 p. [In Rus.]

[13] Khusainov K.SH. Zvukoizobrazitel'nost' v kazakhskom yazyke (Sound representation in the Kazakh language). Almaty, Gylym, 1958. 40 p. [In Rus.]

[14] Syzdyk R. Tildik norma jane onyn kalypasuy (Linguistic norm and its formation). Astana, Elorda, 2001. 228 p. [In Kaz.]

ЭКСПРЕССИВНО-СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ЗВУКОВ ЯЗЫКА: ФОНОСТИЛИСТИКА И ЗВУКОВАЯ СИМВОЛИКА

*Коянбекова С.Б.¹, Зиядаулы Б.²

¹КазНТУ имени Сатбаева К.И., доктор филологических наук, и.о.
ассоциированного профессора, Алматы, Казахстан,

²КазУМОиМЯ имени Абылай хана, кандидат филологических наук,
доцент, Алматы, Казахстан,

*¹e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com,

²e-mail: batenke89@mail.ru

Аннотация. Цель и задачи статьи - выявить сложные системы фонетических единиц, составляющих основу экспрессивной функции языка в передаче эмоций человека, ментальные, психические, физиологические, лингвистические, социальные, эстетические аспекты звукового сигнала. Казахский язык рассматривается на примере ряда языковых фактов, составляющих основу экспрессивной стилистики, на примере фонологической и экспрессивной стилистической системы, описания словарного запаса национального языка. Системно проанализированы символизм языковых единиц, звуков, фонем, трансформация в сознании человека моносиллабической звуковой структуры, фонология звуков, звуковое соответствие, обмен звуков и другие фонетические явления и закономерности. Были исследованы национальные когнитивные аспекты звуков языка, изучено их влияние на экспрессивную стилистическую культуру речи путем выявления передовых парадигм.

Научная значимость статьи заключается в том, что экспрессивно-стилистическая функция звуков языка с широким содержанием, глубоким понятием в национальном бытии показала масштабность в рамках исследования лингвистической, лингвостилистической науки и определила актуальность исследования. Фоностилистика и звуковая символика в казахском языке как выразительная стилистическая система впервые комплексно исследованы, решены с научной точки зрения, сделаны выводы на основе данных современного казахского языка. Проанализированы номинативная функция ономофемы в языковой системе и особенности ее трансформации в речи в синтагмофонему и морфонеми.

Научно-практическая значимость определяется также тем, что получили развитие мнения ученых исследуемых теоретических работ, которые тесно связаны с экспрессивной функцией эстетической природы языка, сочетающейся в преемственности с национально-культурными аспектами звуков казахского языка, и были даны самостоятельные выводы. Всесторонне проанализировано становление и развитие звуковой парадигмы казахского языка, с практической точки зрения выявлена актуальность выражения духовно-культурной действительности нации через звуки языка. Определено, что экспрессивное стилистическое значение звука в фоностилистике основано на объединении звуков, превращении их в звуковые символы. В социолингвистическом, психолингвистическом и прагмалингвистическом аспектах фонетические средства связаны с закономерностями употребления различных форм слова, возможностями их употребления. Сравнительный характер выразительности языка в говорении, письме,

аудировании, чтении определяют возникновение, формирование, систематизацию экспрессивного стилистического значения.

Ключевые слова: экспрессивная стилистика, фоносемантика, фоностилистика, эвритмика, коммуникативная, кумулятивная, контекст, звук.

EXPRESSIVE STYLISTIC CHARACTERISTICS OF LANGUAGE SOUNDS: PHONOSTYLISTICS AND SOUND SYMBOLISM

*Koyanbekova S.B.,¹ Ziyadauly B.²

¹KazNTU named after Satbaev K.I., doctor of philological science, associate professor, Almaty, Kazakhstan,

²Ablai Khan KazUIRandWL, candidate of philological science, docent, Almaty, Kazakhstan,

*¹e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com,

²e-mail: batenke89@mail.ru

Abstract. The purpose and objectives of the article are to identify complex systems of phonetic units that form the basis of the expressive function of the language in the transfer of human emotions, mental, psychic, physiological, linguistic, social, aesthetic aspects of the sound signal. The Kazakh language is considered by a number of linguistic facts that form the basis of expressive stylistics, a phonological and expressive stylistic system, a description of the vocabulary of the national language. Symbols of language units, sounds, phonemes, transformation in the human mind, monosyllabic sound structure, phonology of sounds, sound correspondence, exchange of sounds and other phonetic phenomena and regularities are systematically analyzed. The national cognitive aspects of the sounds of the language were studied, their influence on the expressive stylistic culture of speech was studied by identifying advanced paradigms.

The scientific significance of the article lies in the fact that the expressive-stylistic function of the sounds of a language with a broad content, a deep concept in the national existence showed the scale in the framework of the study of linguistic, linguo-stylistic science and determined the relevance of the study. The phonostyles and sound symbolism in the Kazakh language as an expressive stylistic system are for the first time comprehensively investigated, solved from a scientific point of view, and conclusions are drawn based on the data of the modern Kazakh language. The nominative function of the onomophoneme in the language system and the features of its transformation in speech into syntagmophoneme and morphoneme are analyzed.

In scientific and practical significance, the opinions of scientists were developed in the studied theoretical works, which are closely related to the expressive function of the aesthetic nature of the language, combined in continuity with the national and cultural aspects of the sounds of the Kazakh language, and independent conclusions were given. The formation and development of the sound paradigm of the Kazakh language is comprehensively analyzed, from a practical point of view, the relevance of expressing the spiritual and cultural reality of the nation through the sounds of the language is revealed. It has been determined that the expressive stylistic meaning of sound in phono stylistics is based on combining sounds, turning them into sound symbols. In the sociolinguistic, psycholinguistic and pragmolinguistic aspects, phonetic means are associated with the patterns of the use of various forms of the word, the possibilities of their use. The comparative nature of the expressiveness of the language in speaking, writing, listening, and reading determines the emergence, formation, systematization of expressive stylistic meaning.

Keywords: expressive stylistics, phonosymbolism, phonostylistics, eurythmics, communicative, cumulative, context, sound.

Статья поступила 24.04.2022